

Дәріс № 4

Тақырып: Іш киім мен корсет бұйымдарына арналған материалдарды конфекционерлеу

Ішкіім - адамның денесіне тікелей киілетін бұйымдар болып табылады. Бұған төменгі және түнгі жейделер, пеньюарлар, пижамалар, төменгі юбкалар, майқалар, кальсондар, панталондар, спорттық фуфайкалар, тельняшкалар, ползункилер, распашонкалар т.б. жатады.

Адамның денесімен тікелей әсерлесіп және дененің 80%-ін жауып ішкіімдер терінің температурасы мен ылғалдылығына едәуір әсер етеді. Тері жамылғысының қалыпты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Ішкіім денені ластанудан, салқынданудан және дененің кеуіп кетуінен қорғайды. Ішкіімдер, әсіресе, балалар бұйымдарына арналған. Бұйымдарды конфекционерлеу принципі эргономикалық және эксплуатациялық талаптармен анықталады.

Ішкіім өзінің гигиеналық функциясын қамтамасыз ету үшін, яғни киім астындағы денені ауамен қамтамасыз ету үшін ішкіімдік және корсеттік материалдардың ауа өткізгіштігі жоғары болуы керек. Ал гигроскопиялығы мен ылғал сыйымдылығы жоғары болуы қажет. Олар тамшылы сұйық ылғалдың, яғни тердің шығуы мен булануына кедергі жасамауы керек. сондай-ақ ылғалды қалыпты теріге жабыспау және жағымсыз әсерлер туғызбауы керек. Ішкіімге сіңірілген ылғал сыртқы ортаға оңай шығарылуы қажет. Материалдардың электрленгіштігі төмен болуы қажет (ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 64% болғандағы максимальды электрленгіштігі $\rho_0 = 1,12 \cdot 10^8$ Ом см), ал қысқы ішкіімдер үшін – жылу өткізгіштік коэффициенті $K = 0,07$ Вт/мК болуы қажет.

Ішкіімдік материалдар эксплуатациялау кезіндегі төзімділік талаптарына сәйкес келуі қажет: көп рет жууға (70-80) төзімді; жазықтық бетімен үйкелісуге төзімді (мысалы, жібек маталары үшін – 500 циклдан төмен болмауы қажет); жіптердің тігісте жылжығыштығына төзімді (2,5 даН) болуы қажет. Ішкіімдік мақта маталарының отыруы арқауы бойынша 3,5% және желісі бойынша 2,0%; зығыр үшін – арқауы бойынша 5,5% және желісі бойынша 3,0%; трикотаж жаймалары үшін – 3-12% (талшықтың құрамы мен өндіру әдісіне байланысты) болуы қажет. Әртүрлі әсерлерге бояуының беріктілігі бойынша ішкіімдік материалдар берік немесе өте берік топқа жатуы қажет. Ағартылған мақта маталарының ағару дәрежесі 82%-тен, ал зығыр маталарының - 80%-тен кем болмауы қажет. Тегіс боялған жаймаларды ашық нәзік тонға бояйды, ал сурет басылғанды негізінен ауданының 30-50% суреттелген түрде өндіреді. 5%, негізі бойынша 3%; трикотаж жаймалары үшін 3-12% болуы қажет.

Әртүрлі әсерлерге бояуының беріктілігі бойынша ішкіімдік материалдар берік немесе өте берік топқа жатуы қажет. Ағартылған мақта маталарының ағару дәрежесі 82%, ал зығыр маталары 80%-тен кем болмауы керек.

Тегіс боялған жаймаларды ашық нәзік реңге бояйды.

Ішкіімдер материалдарының ассортиментіне мақта, зығыр және жібек маталары, химиялық талшықтар қосылған маталар; мақта, вискоза, ацетат, полиамид, полиамидті-вискозді(50/50) - трикотаж жаймалары кіреді.

Корсеттік бұйымдардың ассортиментінде 3 топ бар: бюстгалтерлік (бюстгалтер, жартылай грация, грация); белдік (бел, жартылай корсет, бел-шолақ дамбал, бел-панталондар) және комплекттер (бюстгалтер-комбинация, бюстгалтер және шолақ дамбал, бюстгалтер және юбка).

Корсеттік бұйымдарды өндеген кезде осы маталар қолданылады: корсеттік кездемелер, шілтелі трикотажды жаймалар, негіз тоқылған трикотажды жаймалар, эластикалық трикотажды жаймалар, дублирленген маталар, эластикалық таспалар.

Корсеттік бұйымдарды өндіру үшін 30 артикульді кездеме тізімін қолданылады. Текстильді өндірісте х/б кездемелер үшін көп емес артикульдерді істеп шығарады. Оның сыртқы тығыздығы 164-171 г/м². Осы маталар гигиеналы, жұқа грифті, тігу кезінде қиындық жасамайтын және барлық жастағы адамдар тобының корсеттік бұйымдарды өндіруге болады.

Вискозды жіптер және х/б иірілген жіптер кездемелердің ассортименті кең (14.3% жалпы көлемінен). Осы кездемелердің беттік тығыздығы 150-214 г/м² аралығында.

Жасанды және синтетикалық жіптердің айрықша қасиеттерінен әр түрлі топтың беттік тығыздығы 53-тен-203 г/м² аралығында.

Синтетикалық жіптерді пайдаланғандықтан корсеттік бұйымдардың өндіру көлемі өсіп жатыр (21% көп жалпы көлемінен). Корсеттік кездемелердің массасының азаюы көрініп тұр, бұл жұқа синтетикалық талшықтардың пайдалану нәтижесі. Керекті форма тұрақтылықты қалпында сақтау үшін жіптердің тығыздығын көтеру керек.

Корсеттік кездемелерді атласты және ірі өрнекті түптеу арқылы істеп шығарады. Осы кездемелер жоғары берікті, тозуға төзімді, тығыз және форматұрақты болады. Олардың ассортиментіне дөрекі тығыз геометриялы немесе өсімдік өрнектермен (дамассе және дамассе шілтелі) корсеттік кездемелер кіреді.

Тігу өндірісінде корсетті бұйымдардың көп бөлігін осы корсеттік кездемелерден жасайды: грация (10%мақта), «Дамассе» (50% вискоза және 50% мақта), «Шілтелі дамассе», «Мара», «Айя», «Виоллы» саржа, «Знедите» атлас, «Мулине». Перкалиде, биязыда және модаполамада жасалған корсеттік кездемелер тобы тұтынуға үлкен бағалы екен.

Соңғы жылдары корсеттік бұйымдарды өндіру үшін эластикалық трикотажды жаймаларды қолданылады.

Галантерейлік өндірісте бірнеше эластикалық жаймалар істеліп шығарылады: тең боялған филейлі жайма және ағартып суреттермен басылған болып шығарылады. Суреттелген жайма тең боялған және ағарған болып шығарылады. Сызықтық тығыздығы 5×2 текс болған эластикалық капронды жіптерді байлау арқылы сурет шығарады.

Спандекс-талшығы өзінің физ-механикалық қасиеттері арқылы эластомерлерге жатады. Бірнеше жүз проценттей деформацияға төзімді, эластикалық қалпына келуі және серіпімді модулі жоғары мағына береді.

Эластикалық жаймалар үлкен тербелу созылуы көлденең бағытта және бөліктерінде болады. Бұл бір артикульдің шекарасында ғана емес, бір бөліктің шекарасында да болады. Эластикалық жаймалардың көлденең созылуы жеткіліксіз - 10-20% циклдік қалдықтың деформациясы болады. Ол 6-12% және матаның серіпемділік қасиеттері тұрақты емес. Шілтелі трикотажды жаймалардың апшуы 8% дейін.

Негізінде және арқауында химиялық талшықтар қосылған корсеттік бұйымдар жоғары тігілу қасиеті бар. Бұл бұйымдарды дайындауға қиындық келтіреді және эксплуатациялық мерзімді қысқартады.

Өзін - өзі тексеру үшін тест сұрақтары:

1. Тоқыма жаймалары қолданылуына байланысты қалай бөлінеді

- A) іш киімдік және сырт киімдік
- B) іш киімдік және пальтолық
- C) шеңберлі тоқылған
- D) көйлектік және аяқ киімдік
- E) шұлықтық және сырт киімдік

2. Ішкі киімдік материалдар бояуының беріктігі бойынша қандай топқа жатады

- A) берік
- B) өте берік
- C) берік және өте берік
- D) берік емес
- E) бояуға болмайды

3. Қандай өрімнен алынған маталардың қыртыстануы көп болады

- A) жаймалық
- B) атласты
- C) саржалақ
- D) ұзын жамылғы
- E) крепті өрімдер

4. Іш киімдерге арналған мақта маталарының ағарту дәрежесі

- A) 82%
- B) 50 %
- C) 90%
- D) 99%
- E) 20%

5. Іш киімдерге арналған зығыр маталарының ағарту дәрежесі

- A) 80%
- B) 50 %
- A) 90%
- B) 99%
- C) 20%

Қолданылған әдебиеттер:

1. Орленко, Л.В. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2017. - 287 с.
2. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию [Текст] : учебное пособие / В. И. Стельмашенко [и др.]. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2019. - 144 с
3. Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. Материалы для отделки одежды. учебное пособие Бессонова Н.Г., Бузов Б.А. - М. : ФОРУМ:ИНФРА-М, 2015. - 144 с
4. Конфекционирование материалов для одежды [Текст] : учебное пособие / Л. В. Орленко, Н. И. Гаврилова. - М. : Инфра-М, 2020. - 287 с.
<https://new.znanium.com/read?id=349442>
5. Практикум по материалам для одежды и конфекционированию : учебное пособие / В.И. Стсльмашснко, Н.А. Смирнова, Т.В. Розарснова, Ю.В. Назарова - М. : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2019. — 144 с. — (Высшее образование). - ISBN 978-5-16-103571-9. - Текст : электронный. - URL: <https://new.znanium.com/catalog/product/1020702>